

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 305 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 желтоқсан N 1618. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.29. N 108 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кедейлікпен күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 305 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 8, 94-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) к і р і с п е д е :

"мониторингін" деген сөз "барысын талдауды" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"дайындау" деген сөз "дайындауды үйлестіру" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) көрсетілген қаулыға қосымшада:

Кедейлікпен күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрамына мыналар енгізілсін:

Әбдіқалықова	- Қазақстан Республикасының
Гүлшара Наушақызы	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік камсыздандыру және әлеуметтік көмек департаментінің

директоры

Ермекова	- Қазақстан Республикасының
Несіпбала Әбсағитқызы	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі Стратегиялық жоспарлау және бақылау департаментінің

директоры (келісім бойынша)

Жоламан	- Қазақстан Республикасының
Рүстем Қабидоллаұлы	Премьер-Министрі Кеңесі Әлеуметтік-мәдени даму

бөлімінің меңгерушісі

Кесікбаев - Қазақстан Республикасының
Сұлтанғали Қабденұлы Қаржы министрлігі Мемлекеттік
органдарды қаржыландыру
департаментінің директоры

Ахметов - Қазақстан Республикасының
Қырым Қамиғалиұлы Денсаулық сақтау министрлігі
Медицина ғылымы, білім беру
және лицензиялау
департаментінің директоры

Нұрғожаева - Қазақстан Республикасының
Татьяна Александровна Білім және ғылым министрлігі
Бюджет, жоспарлау және қаржы
департаментінің директоры

Шокаманов - Қазақстан Республикасының
Юрий Камирович Статистика жөніндегі
агенттігі төрағасының
бірінші орынбасары;

көрсетілген құрамнан Елена Леонидовна Бахмутова, Вячеслав Евгеньевич
Евстафьев, Мият Саттарұлы Жанәбілов, Ақбар Қуанышбайұлы Тоқаев
шығарылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Кедейлікпен күрес мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

"Жалпы ережелер" деген 1-бөлімнің бірінші абзацында:
"мониторингін" деген сөз "барысын талдауды" деген сөздермен
ауыстырылсын;

"дайындау" деген сөз "дайындауды үйлестіру" деген сөздермен
ауыстырылсын;

"Комиссияның міндеттері мен функциялары" деген 2-бөлімде:
үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жұмыспен қамту саласындағы проблемаларды зерттеу және еңбек
рыногындағы сұраныс пен ұсыныс құрылымын ескере отырып, жұмыссыздық
деңгейін төмендету жөнінде ұсынымдар әзірлеу;"

соңғы абзац алынып тасталсын;

"Комиссия құқықтары" деген 3-бөлімнің 1) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

